

НОРМАТИВТЕР Почталық жөнелтімдерді және мерзімді басылымдарды алмастыру жиілігінің, тасымалдаудың, жеткізудің нормативтері, почтаны өңдеудің және жеткізудің негізгі бақылау мерзімі

Құшiн жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар Министрлігі 1994 жылғы 6 желтоқсан. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 6 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 36. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

I. Нормативтер

1. Почта байланысы кәсіпорындары бағыттар жоспарларына сәйкес вагондармен, ұшақтармен және почталық автокөліктермен почта алмастыру жұмыстарын атқарады. Поездар тізімін, почта вагондарымен және автокөлікпен жүргізілетін алмастырулар санын облыстық мемлекеттік почта байланысы қызметі белгілейді және олар Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почта байланысы қызметімен келісіледі. Темір жол станцияларында орналасқан почта байланысы кәсіпорындары (аудандық байланыс торабы, басқа байланыс кәсіпорындарының алмастыру пункттері) почта вагондарымен күн сайын почта алмастырады. Почта кәсіпорындарының алмастыру пункті болмайтын және аптасына үзіліспен жұмыс істейтін басқа селолық байланыс бөлімдері почта вагондарымен байланыс бөлімінің жұмыс істейтін күндері почта алмастырады. Ондай байланыс бөлімдерінің тізімін облыстық мемлекеттік почта байланысы қызметі анықтайды.

2. Почта мынадай тәртіппен тасымалданады:

2.1. Ауданаралық маршруттар бойынша облыс қарауындағы қалаларға және аудандар орталықтарына дейін - аптасына 6-5 күн.

2.2. Почта вагондарымен және әуе көліктерімен алмастырулар жүргізу үшін олармен жүргізілетін алмастырулардың санына байланысты.

2.3. Ішкі аудандық маршруттар бойынша селолық байланыс бөлімдеріне дейін - кем дегенде аптасына 5 күн, ал алыстағы елді мекендерге дейін - кем дегенде а п т а с ы н а 3 к ү н .

2.4. Ішкі қалалық маршруттар бойынша апта ішінде үзіліссіз жұмыс істейтін байланыс бөлімшелеріне дейін - күн сайын, үзіліспен жұмыс істейтін бөлімшелерге - демалыс күндерінен басқа күндердің бәрінде. Рейстер санын қалалық байланыс бөлімшелерінде қабылданған почталық жөнелтілімдердің

жіберілу тиістілігіне қарай анықтайды.

3. Маршруттар бойынша почта тасымалдаудың жиілігін қысқартуға тек ерекше жағдайларда ғана мемлекеттік почта байланысы қызметінің келісімімен, почтаны пайдаланушылар мүддесіне нұқсан келтірмейтін жағдайда ғана жол беріледі.

4. Адресатқа почтаны жеткізу үшін мынадай тәртіп белгіленеді:

4.1. Алматы қаласында, облыс орталықтарында жергілікті және кіріс корреспонденциялары жексенбіден басқа күндері - күніне бір-екі рет, республикалық басылымдар мен жергілікті газеттер шыққан күні;

4.2. Басқа қалаларда, аудан орталықтарында - аптасына 6-5 күн. Почта бөлімшесі орналасқан елді мекендерде почта өзінің келіп түсу жиілігіне сәйкес, алыстағы елді мекендерге - кем дегенде аптасына үш күнде жеткізіледі.

4.3. Мемлекеттік почта байланысы қызметіне, облыстық мемлекеттік почта байланысы қызметтеріне қажет болған жағдайда жергілікті үкімет органдарымен келісіп, облыс орталықтарында және басқа елді мекендерде почта жеткізу сандарын арттыруға, сондай-ақ мереке күндері почта жеткізуге хұқық беріледі.

4.4. Елді мекендерден тыс жерлердегі (мал жайылымдарындағы, жол бойындағы т.б.) адресаттарға почта мүдделі мекемелердің күшімен жеткізіледі немесе олардан өкілеттік алған адамдарға ең жақын деген почта бөлімшелерінен беріледі.

5. Почта жәшіктерінен корреспонденцияларды алу санын олардың жер кезінде өңделуін және жөнелтілетін корреспонденциялардың жіберілуін ескеріп, Мемлекеттік почта байланысы қызметі, облыстық мемлекеттік почта байланысы қызметі анықтайды.

II. Негізгі бақылау мерзімдері

6. Почта байланысы кәсіпорындары жергілікті жағдайды ескере отырып мынадай бақылау мерзімдерін белгілейді және бекітеді:

- Почта жәшіктерінен хаттарды алудың басталуы және аяқталуы;
- ішкі қалалық маршруттар бойынша почтаның жүріп өтуі;
- алмасу пунктіне немесе түйіндік кәсіпорындарына темір жол және әуе көліктерінен келіп түскен аманаттық почталарды, қапқа салынған корреспонденциялар мен мерзімді басылымдарды тасымалдау;
- экспедициялық байланыс кәсіпорындарында газеттерді өңдеу;
- газеттерді байланыс кәсіпорындарында олардың келіп түсу негізінен бастап почтольондарға немесе бекітілген жеткізуші байланыс бөлімшелеріне тапсырылғанға дейінгі;
- газеттерді, журналдарды және басқа да почталық жөнелтімдерді почтольондардың шығуына дейін топтастыру және теріп алып реттеу;
- қалаларда және басқа елді мекендерде жазылып алушыларға газеттерді

ж е т к і з у ;

- кіріс, шығыс және транзиттік хаттарды өңдеу мерзімдері.

7. Журналдар байланыс бөлімшесіне келіп түскен кезден бастап жаздырып алушыларға екі күннен кешікпей жеткізіледі.

8. Жергілікті корреспонденциялар адресаттарға келесі күннен кешікпей ж е т к і з і л е д і .

9. Байланыс бөлімшесіне келіп түскен кіріс корреспонденциялары адресаттарға әдетте сол күні немесе келесі күннен кешікпей жеткізіледі.

10. Газеттерді орталықтандырылмаған басу ұйымдастырылған Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды қалаларында газеттер баспадан шыққан күні, ал оларға бекітілген облыс орталықтарында келесі күннен кешікпей жеткізіледі.

10.1. Облыс қарауындағы басқа қалаларға, аудан орталықтарына бірінші - е к і н ш і к ү н д е р і ;

10.2. Басқа барлық елді мекендерге - газеттер почта байланысының жеткізу кәсіпорындарына келіп түскен күні жеткізіледі.

11. Үкіметтік кіріс корреспонденциялары және үкіметтік почталық жөнелтімдер туралы мәліметтер байланыс бөлімшелеріне келіп түскен күні клиентурамен жұмыс істеу уақыты ішінде адресатқа жеткізіледі.

(12-тармақтың қазақша ресми аудармасы жоқ, орысша мәтінді беріп отырмыз)

12. Входящие денежные переводы, ценные письма и бандероли, адресованные на дом, в том числе и местные, доставляются адресатам не позднее следующего д н я .

13. Банктердің есептік шоттарына адрестелген кіріс ақша аударымдары келіп түскеннен кейінгі екінші жұмыс күнінен кешікпей аударылуы тиіс.

14. Үстеме төлемді кіріс аманаттарының, құнды хаттар мен бандерольдердің хабарлама хаттары келіп түскеннен кейінгі келесі күннен кешікпей адресаттарға т а б ы с е т і л е д і .

15. Барлық почталық түйіндерде, почтамттарда Республикалық почтаны өңдеу , тасымалдау орталығында, облыстарындағы почтаны өңдеу, тасымалдау бөлімдерінде почта жәшіктерінен алынған және байланыс кәсіпорындарынан қабылданған шығыс корреспонденциялары белгіленген мерзімде өңделеді және тиісті бағыт бойынша почта тасымалдауға бекітілген бірінші көлікпен ж ө н е л т і л е д і .

16. Почтамттардан, түйіндерден және байланыс бөлімшелерінен қабылданған аманаттар, құнды хаттар, бандерольдер өңдеу және бағыттар бойынша жөнелту үшін тиісті почта түйіндеріне олар қабылданған күні, егер автомашина кеткеннен кейін қабылданса, келесі күні жөнелтіледі.

17. Республикалық почтаны өңдеу, тасымалдау орталығынан, почтаны тасымалдау орталықтарынан келіп түскен транзиттік аманаттар және құнды

бандерольдер, өздерінің келіп түскен күнінен бастап, ұшақтар мен поездардың жүру кестелеріне байланысты келесі күннен кешікпей жөнелтілуі тиіс.

18. Жеделдетілген (экспресс) почталарды өңдеу және тасымалдау ерекшеленген тәртіппен орындалады. Жеделдетілген (экспресс) почталардың өту мерзімдері почталардың жалпы бақылау мерзімдерінен бөлек жобаланады.

III. Өндірістік бақылау нормативтері

19. Өндірістік бақылауды байланыс кәсіпорындарының бастықтары олардың орынбасарлары, өндірістік цехтар, учаскелер бастықтары, олардың орынбасарлары, кезектілік бастықтары, бригадирлер, кезекші көмекшілер, почта алмастыру жөніндегі кезекші көмекшілер, байланыс бөлімшелерінің бастықтары және олардың көмекшілері, почта вагондарының бастықтары және олардың көмекшілері, байланыс кәсіпорындары осындай міндеттер жүктелген басқа да жұмысшылар атқарады.

20. Почталық жөнелтімдерді және басылымдарды өңдеу сапасын өндірістік бақылаудың нормативтерін мемлекеттік почта байланысы қызметі, ал өндірістік бақылаудың есепке алу журналын және жұмыс сапасын есепке алудың дербес карточкаларын облыстық мемлекеттік почта байланысы қымзетті жасап шығарады.

21. Өндірістік бақылау қорытындыларын, жұмыстағы орын латын ақаулықтардың себептерін, оларды болдырмау шараларын байланыс кәсіпорындарының өндірістік мәжілістерінде, облыстық мемлекеттік почта байланысы қызметтерінің және мемлекеттік почта байланысы қызметінің кеңестерінде талқылау ұсынылады.

*Байланыс департаменті директорының
бірінші орынбасары*